

ШЖҚ КМК Атырау облыстық офтальмология ауруханасы

**Медициналық және өзге де қызметкерлердің заңсыз әрекеттерінің,
пациенттерден ақша талап ету фактілерінің алдын алу жөніндегі
жиналыс ХАТТАМАСЫ**

08.04.2026 ж

Атырау қаласы

Өткізілген орны: аурухананың жұмыс чаты онлайн-форматта

Өткізілген уақыты: 11.03сағ

Қатысқандар: ұжым

Төраға: Д.Ескалиев

Хатшы: Б.Салиманова

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қызметкерлер арасындағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы.

2. Пациенттерден заңсыз ақша талап ету фактілеріне жол бермеу туралы.

3. ҚР денсаулық сақтау және медициналық сақтандыру жүйесі талаптарын сақтау туралы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Комплаенс офицер:

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының талаптарын сақтау туралы.

Барлық қызметкерлердің пациенттерден кез келген заңсыз сыйақы, ақша немесе материалдық пайда алуы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық болып табылатыны атап өтілді.

2. ҚР Қылмыстық кодексінің нормалары түсіндірілді:

• 366-бап – Пара алу

Лауазымды тұлғаның (немесе оған теңестірілген адамның) өз қызметтік өкілеттігін пайдаланып, ақша немесе өзге де мүлдіктік пайда алуы.

• 367-бап – Пара беру

Лауазымды тұлғаға заңсыз сыйақы беру.

• 368-бап – Парақорлыққа делдал болу

Пара беру немесе алу процесіне делдал болу.

• 194-бап – Бопсалау

Басқа адамның мүлкін немесе мүлдіктік құқығын күш қолдану немесе қорқыту арқылы талап ету.

• 361-бап – Қызметтік өкілеттіктерді теріс пайдалану

Қызметтік өкілеттікті заңсыз пайдалану арқылы пайда табу.

• 250-бап – Қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдалану

Өкілеттік шегінен шығатын әрекеттер жасау.

3. ТМККБК және МӘМС туралы

ҚР медициналық көмек келесі жүйелер арқылы көрсетіледі:

1) ТМККБК -- мемлекеттік кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлемі

- ҚР барлық азаматтарына және заңмен белгіленген тұлғаларға тегін көрсетіледі;

- жедел, бастапқы және кейбір мамандандырылған медициналық көмекті қамтиды;

2) МӘМС – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі

- Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры арқылы қаржыландырылады;

- сақтандырылған азаматтарға кеңейтілген медициналық қызметтер пакетін ұсынады;

4. ТМККБК және МӘМС шеңберіне кіретін медициналық қызметтер үшін пациенттерден ақша талап ету заңсыз екені және тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке әкелетіні атап өтілді.

СӨЙЛЕДІ:

Комплаенс офицер: Айтылғандар негізінде, біздің ауруханамызда дәрігерлер мен медбикелердің және өзге де қызметкерлердің заңға қайшы әрекеттерін, пациенттерден заңсыз ақша талап ету фактілерін болдырмау үшін халық алдындағы беделіміз бен сенімімізге нұқсан келтірмейік. Мұндай фактілер анықталған жағдайда дереу құқық қорғау органдарына хабарланады.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Қазақстан Республикасының заңнамасын қатаң сақтау:

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң;

- ҚР Қылмыстық кодексі (366, 367, 368, 194, 361, 250-баптар);

- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы»

Кодекс;

- «МӘМС туралы» Заң.

2. Пациенттерден ТМККБК және МӘМС шеңберіндегі қызметтер үшін кез келген төлем алуға қатаң тыйым салу.


3. Пациенттерді ТМККБК және МӘМС шеңберіндегі қызметтер туралы толық ақпараттандыру.

4. Ішкі бақылау ұйымдастыру.

5. Бұзушылықтар анықталған жағдайда уәкілетті органдарға дереу хабарлау.


ОРЫНДАЛУ МЕРЗІМІ: Тұрақты түрде

Төраға:



/Д.Ескалиев/

Хатшы:



/Б.Салиманова/